

Гигиена және эпидемиология кафедрасы	044 -59/11() 20 беттің 16еті
Дәріс кешені	

ДӘРІС КЕШЕНІ

Модуль: «Мамандыққа кіріспе»

Модуль коды: МК - 1201

БББ атауы: 6В10118 «Медициналық-профилактикалық іс»

Оқу сағаты/кредит көлемі: 120 сағат (4 кредит)

Оқу курсы мен семестрі: 1 курс, 2 семестр

Дәріс көлемі: 8 сағат

Шымкент, 2023 ж.

ONTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Гигиена және эпидемиология кафедрасы		044 -59/11() 24 беттің 26еті
Дәріс кешені		

Дәріс кешені «Мамандыққа кіріспе» модулінің жұмыс оқу бағдарламасына (силлабус) сәйкес әзірленген және кафедра отырысында талқыланды.

Хаттама № «___» _____ 2023ж.

Кафедра меңгерушісі,

М.Ғ.К., доцент М.А.



Утепов П.Д.

ONTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Гигиена және эпидемиология кафедрасы		044 -59/11() 24 беттің 36еті
Дәріс кешені		

№1 дәріс

- Тақырыбы:** Мамандыққа кіріспе. ҚР санитариялық- эпидемиологиялық қызмет жүйесінің даму тарихы.
- Мақсаты:** білім алушыларды ҚР санитариялық- эпидемиологиялық қызмет жүйесінің даму тарихымен таныстыру.
- Дәріс тезистері:**

Гигиенаның ғылым ретінде дамуы XIX ғасырдың аяғында және XX ғасырдың басында басталды, бірақ адамзатқа жеке бас гигиенасы, қоғамның гигиенасы, оның түбірі ежелден — ақ белгілі.

Мысалы: өте ертеде итмұрын қайнатпасының қырқұлақ ауруының алдын алу үшін қолданылатыны белгілі болған. X ғасырдағы құжаттарға сүйенсек ол жерде Корсунский су құбыры туралы жазылған. Киев Русында моншалардың көп болғандығы туралы жазылған. 1650 жылы Мәскеуде «тұрмыстық қалдықтарды далаға төгуге тыйым салынатыны» туралы үкім шыққан.

Біздің эрамыздан 1,5 мың жыл бұрын ежелгі Египетте үйлерді, көшелерді тазарту, қоқыстарды жинау және оны алып кету, жеке бас гигиенасын сақтау, науқастарды жекешелеу, тағамтану гигиенасы туралы ережелер болған. Ежелгі Қытайда жүйелі тамақтану, дем алу тәртібі, елдімекенді жоспарлау және жайластыру бойынша талаптар белгілі болды. Дәрігер Авиценна бес томдық «Дәрігер ғылымының каноны» шығармасының гигиена бөлімінде «Жағымды ауа туралы», «Су сапасы туралы», «Денсаулық сақтау туралы» мақалалар жазған. Гигиена туралы алғашқы ғылыми мекемелер, ғылыми еңбектер XIX ғасырда еуропада пайда болды. 1857 жылы ағылшын ғалымы Паркс «Практикалық гигиенаға жетекшілік» оқулығын баспадан шығарды. Ресейде экономика мен қоғамның нашар дамуына байланысты гигиена өте жай дамыды. ХУІІІ ғасырда Ресейдің кейбір жерлерінде медициналық- топографиялық түсініктеме жазылып, сол жергілікті жердің адамдарының ауруының сол жерді қоршаған ортамен байланысты екені дәлелденген. XIX ғасырда гигиена кеңінен дами бастады және оның дамуына көптеген сол кездегі ғалымдар Н.И Пирогов, С.Г Боткин, Г.А Захарин, А.А Остроумов ықпал етті. СССР – да гигиенаның негізін қалаушы ғалымдар: А.П Доброславин, Ф.Ф. Эрисман, Г.В. Хлопин.

Гигиенаның жаңа сапада даму кезеңі Октябрь социалистік революциясынан кейін басталды. Жас Кеңестік республика кездеспеген қиындықтармен бетпе-бет келді: азаматтық соғыс, шетелдік интервенция, астықсыз жылдар, аштық, дәрілік заттардың, отындардың жетіспеуі, дәрігерлер санының, әсіресе санитарлық дәрігерлердің өте аз болуы, санитарлық заңдылықтардың болмауы, елдегі онсыз да ауыр санитарлық-эпидемиологиялық жағдайды бұрынғыдан да қиындатты. Осы жағдайларда, Кеңес үкіметі, өзінің құрылуының бірінші күннен бастап, ескі медицинаны мемлекеттік медицина етіп, түп тамырымен қайта құруды бастады. 1919 жылы наурыз айында большевиктердің Ресей коммунистік партиясының VIII съезінде қабылданған бағдарламада, еңбекшілердің мүдделерін көздейтін санитарлық шараларды кеңінен жүргізуді кеңестік денсаулық сақтаудың негізгі міндеттерінің бірі етіп қойды. 1922 жылы РСФСР Кеңестік халық комиссариатының Декретімен мемлекеттік санитарлық қызмет ұйымдастырылды, ал 1927 жылы «Республиканың санитарлық органдары туралы» заң шықты. Мемлекеттік сипатқа ие болған аурулардың алдын алу кең мағынада айтқанда, денсаулық сақтау дамуының негізі болды. Қуатты орталықтандырылған мемлекеттік санитарлық қызмет құрылды. Ол облыстық, қалалық, аудандық санитарлық-эпидемиологиялық станциялардан, арнайы

ONTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Гигиена және эпидемиология кафедрасы		044 -59/11()
Дәріс кешені		24 беттің 4беті

мамандандырылған санитарлық және эпидемияға қарсы мекемелерден, ғылыми-зерттеу институттарынан, гигиена саласындағы кафедралары бар медициналық жоғарғы оқу орындарынан тұрды.

1. **Иллюстрациялық материал:** презентация

2. **Әдебиет:** №1-қосымшаға қараңыз.

3. **Бақылау сұрақтары (Feedback кері байланысы):**

1. Санитариялық- эпидемиологиялық қызмет жүйесі дамуының алғы шарттарын атаңыз.
2. Кеңес Одағы кезіндегі санитариялық- эпидемиологиялық қызмет жүйесінің даму тарихы.
3. Егеменді Қазақстандағы санитариялық- эпидемиологиялық қызмет жүйесінің даму тарихы.
4. Санитариялық- эпидемиологиялық қызмет жүйесінің дамуына үлес қосқан қазақстандық ғалымдар.

№2 дәріс

1. **Тақырыбы:** Этика: түсінігі, анықтамасы, мағынасы. Этикалық қағидаттар.

2. **Мақсаты:** білім алушыларды этика түсінігімен, мағынасымен пайда болу себептері мен шығу тегімен таныстыру.

3. **Дәріс тезистері:** Этика (грек. ethos – дағды, әдет-ғұрып) – зерттеу нысаны мораль, адамның мінез-құлқы болып табылатын ежелгі теориялық пәндердің бірі. Термин және айрықша зерттеу пәні ретінде өз бастауын Аристотель еңбектерінен алады.

“Этизм” термині Аристотельдің ар-ождан мәселесіне арналған үш шығармасының (“Никомах этикасы”, “Евдем этикасы”, “Үлкен этика”) атауына кірген. Аристотель Этизм жайлы сөз қозғағанда негізгі үш мәселеге тоқталып, этик. теория, этик. кітаптар, этик. іс-тәжірибе туралы айтады. О баста грек тіліндегі этизмнің латын тіліндегі баламасы ретінде мораль қолданылса, кейіннен білім беру дәстүрінде этизм – ілім мәнінде, мораль – оның пәні ретінде қарастырылды. Әдетте, этизмдық ой-толғамдар адамдардың мінез-құлықтары мен салт-дәстүрлерінің әралуан екендігін баяндаудан басталады. Сократ әр-түрлі мінез-құлықтарды бағалап, саралау үшін парасатқа жүгіну керек деп білді. Платон адам жан-жақты ұйымдастырылған мемлекетте өмір сүріп, оның басшылығын дана-философтар атқарғанда ғана рухани және мінез-құлық кемелдігіне жете алады деп білді. Парасат иесі ретінде өз мүмкіндіктерін жүзеге асырған адам, өз өмірінің жоғ. мақсатын айқындап, мемлекеттің негізі болып табылатын саясатқа, экономикаға этикалық нормалармен жетекшілік жасайды. Этизм ұғымы жайлы Д.Юмның “Адамның табиғаты” туралы трактатында жан-жақты айтылады. Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымында Этизм ұғымының баламасы ретінде ар-ождан ұғымы қолданылып, негізгі тақырып ретінде ұсынылған.

Этиканың құрылымы. Этика үш бөліктен тұрады:

- теориялық этика;
- нормативті этика;
- эмпириялық этика.

Теориялық этика — этиканың негізгі ұғымдарын, оның зерттеу пәнін, ғылым ретінде даму тарихын зерттейді. Нормативті этика — негізгі этикалық категорияларды: мейірімділік пен қатыгездік, ізгілік пен жауыздық, ар-ұждан, ұят, абырой, парыз және т.б. қарастырады. Эмпириялық этика — белгілі бір кезеңдердегі адамзат ұйымдарының нақты адамгершілік келбеті туралы түсінік береді.

4. **Иллюстрациялық материал:** презентация.

5. **Әдебиет:** 1-қосымшаға қараңыз.

6. **Бақылау сұрақтары (Feedback кері байланысы):**

1. Денсаулық сақтау этикасы ұғымына не кіреді?

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Гигиена және эпидемиология кафедрасы		044 -59/11() 24 беттің 56-сі
Дәріс кешені		

2. Денсаулық сақтау этикасы қандай?
3. Денсаулық сақтау мамандарының қызметін қандай құжаттар реттейді?

№3 дәріс

1. **Тақырыбы:** Медициналық қызметтің этикалық белгілері.
2. **Мақсаты:** білім алушыларды медициналық қызметтің этикалық белгілерімен таныстыру.
3. **Дәріс тезистері:** Медицина қызметкерінің Этикалық кодексі олардың лауазымдық міндеттемелерін жүзеге асыру барысындағы этикалық нормалар мен өзін ұстау тәртібі ұстанымдарының жиынтығы болып табылады.

Медицина қызметкерінің ең басты мақсаты – адам өмірін сақтау, аурулардың алдын алу және денсаулығын қалпына келтіру, сондай-ақ емделмейтін ауруға шалдыққандар азабын жеңілдету. Медицина қызметкері өз міндеттерін Гиппократ анты, Қазақстан дәрігерлері анты, гуманизм және қайырымдылық ұстанымдарына сәйкес орындайды.

Медицина қызметкері өз шешімдері мен іс-әрекеттері үшін толық жауапкершілігін мойнына алады, сол үшін ол жүйелі түрде кәсіби шыңдалып отыруға міндетті. Өз қызметінде медицина қызметкері өзіне таныс және пайдалануға рұқсат етілген медицина ғылымының соңғы жетістіктерін пайдалануға міндетті. Медицина қызметкерінің кәсіби шешіміне жеке басының пайдасы мен материалдық мүдделер әсер етпеуі тиіс. Медицина қызметкері даярлаушы-фирмалар мен дәрі-дәрмек таратушылар ұсынған дәрілерді тағайындағаны үшін олардан сыйлық алуына болмайды. Медицина қызметкері дәрі тағайындау барысында тек қана науқастың мүддесі мен медициналық көрсетілімдерді ескеруі тиіс. Медицина қызметкері жасына, жынысына, ұлтына, діни сеніміне, азаматтығына, әлеуметтік жағдайына, саяси көзқарасына және басқа да медициналық емес факторларға сонымен қоса материалдық жағдайына қарамастан медициналық көмекті қажет еткен кез келген адамға көмектесуге міндетті. Медицина қызметкері өзі жұмыс істейтін мекемеге байланысты өз жауапкершілігіне алған барлық міндеттемелерді адал орындауға міндетті. Жас мамандарды үйретіп жүрген медицина қызметкерлері өз міндетін орындауға көңіл бөлуі және тәртібі жағынан үлгі боларлық деңгейде болуы тиіс. Медицина қызметкері қолжетімді құралдар (газет, журнал, радио, теледидар, әңгімелесу және т.б.) арқылы салауатты өмір салтын насихаттауға, сондай-ақ кәсіби этикалық және қоғамдық нормаларды ұстануда үлгі болуға міндетті. Медицина қызметкері оның кәсіби қызметі мен пациенттерге зиян келтірмейтін, медицина қызметкерінің ар-намысын төмендетпейтін, кәсіби тәуелсіздігіне кедергі келтірмейтін басқа жұмыстармен айналысуына болады. Медицина қызметкерінің жеке тәжірибемен айналысуы заңмен реттеледі. Медицина қызметкері жұмысының қайырымдылық мақсаттары оның жеке қадір-қасиетін, жеткілікті деңгейде мүлктік қамтамасыз етілуін, кәсіби қызметін атқаруға жағдай жасауын заң жүзінде қорғауын талап етуге негіз бола алады. Ұйымдастырылған формадағы наразылықтарға қатысу барысында медицина қызметкері өз қадағалауындағы пациенттерді қажетті медициналық көмекпен қамтамасыз ету міндеттемелерінен босатылмайды. Медициналық этиканың ұстануын бақылауды медицина қызметкерінің тікелей жетекшісі жүзеге асырады. Өмір бойы медицина қызметкері оны кәсіби шеберлікке үйреткен адамға деген құрмет пен ризашылығын сақтап өтуге міндетті. Медицина қызметкері медициналық қауымдастықтың абыройы мен асыл дәстүрлерін сақтауға міндетті. Медицина қызметкерлері бір-біріне құрмет пен мейірімділікпен қарауға міндетті. Медицина қызметкері көпшілік алдында басқа медицина қызметкерінің кәсіби біліктілігіне сенімсіздік білдіруге немесе беделін түсіруге құқығы жоқ. Клиникалық қиын жағдайларда тәжірибелі медицина қызметкері тәжірибесі аз әріптестеріне сыпайы түрде көмек көрсетуі тиіс. Бірақ емдеу үдерісіне толық түрде емдеуші дәрігер жауапты, ол өз әріптестерінің ұсыныстарын алуға немесе одан бас тартуға құқылы және бұнда науқастың мүддесін басшылыққа алуы тиіс. Денсаулық

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
Гигиена және эпидемиология кафедрасы	044 -59/11() 24 беттің 6беті
Дәріс кешені	

сақтау мекемесінің жетекшілері өз қоластында қызмет ететін медицина қызметкерлерінің кәсіби біліктілігінің жоғарылап отыруын қадағалауға міндетті. Медицина қызметкері басқа медицина қызметкерлеріне және көмекші персоналға құрметпен қарауға, олардың кәсіби біліктілігінің жоғарылауына жағдай жасауға міндетті.

Медицина қызметкерінің бірінші төрешісі – өз ары. Екіншісі – медицина қауымдастығы, олар дәрігерлер ассоциациясы ретінде өз жарғысы және басқа құжаттар негізінде тәртіп бұзушыға шара қолдануға құқылы.

Егер этикалық нормалар тәртібін бұзу Қазақстан Республикасының іс жүзіндегі ережелеріне қайшы келсе, медицина қызметкері заң алдында жауапқа тартылады.

Қызметкер өзінің тәртібі ұжымда көпшілік талқысына салынуы мүмкін екендігін санада ұстауы тиіс.

Гиппократ – дәрігерлік ілімнің атасы саналатын ежелгі оқымыстысы. Ол адам баласын түрлі ауру-сырқаудан, кесепаттан сақтандыру мақсатында көп еңбектенді. Бұл жолды адамзат алдындағы парызы деп білді. Платон, Аристотель сынды кемеңгерлер де оның ілімін мойындап, "ұлы" деп атақ берді. Ал Гиппократтың өз анты болды.

Гиппократ серті немесе **Гиппократ анты** (лат. *Facies Hippocratica*) — медицина қызметкерлерінің қызметке алғаш кірген уақытта беретін моральдік-этикалық **анты**. Мәтінін Гиппократтың өзі жазған. Алғашқы дәрігер саналатын Гиппократтың серті дәрігерлердің ортақ заңына жатады.

Халық үшін, ел үшін қажымай, талмай еңбек етіп келе жатқан қазақ дәрігерлері үшін де бұл ант қасиетті ереже саналады. Дәрігерлік жұмыстағы адалдық – қазақ дәрігерлерінің айнымас серті.

ҚР дәрігерінің анты.

4. Иллюстрациялық материал: презентация.

5. Әдебиет: 1-қосымшаға қараңыз.

6. Бақылау сұрақтары (Feedback кері байланысы):

1. Медицина қызметкерлерінің моральдық-этикалық қағидаттарын атаңыз.
2. Медициналық этика басшылыққа алатын құжаттарды атаңыз.
3. Медицина қызметкері өз міндеттерін орындауда нені басшылыққа алады?

№4 дәріс

1. **Тақырыбы:** Медициналық құқықтың түсінігі, пәні және қағидаттары.
2. **Мақсаты:** білім алушыларды медициналық құқық түсінігі және жүйесімен, медициналық қызмет саласындағы қатынастарды құқықтық реттеу әдісімен таныстыру.
3. **Дәріс тезистері:**

Медициналық қызметті құқықтық реттеу және денсаулық сақтау саласындағы Қазақстан азаматтарының құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау проблемасы ерекше мәнге ие. Мұның негізгі себептері медициналық заңнаманың жетілмегендігі, денсаулықты қорғауды қамтамасыз етудің нақты құқықтық механизмдерінің жоқтығы, медициналық персоналдың заңды нигилизмі және халықтың құқықтық сауатсыздығы, пациенттің, медицина қызметкерінің әлеуметтік-құқықтық осалдығы. Отандық денсаулық сақтау саласындағы жағдайды сапалы жақсартудың негізгі бағыттары:

- денсаулық сақтау саласындағы нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру (заңнамалық деңгей);

- медициналық құқықты дербес құқық саласы ретінде тану (ғылыми және теориялық деңгей).

Бірқатар теориялық проблемаларды әзірлемей, құқықтық реттеуді жетілдіру мүмкін емес. Бұл ең алдымен құқықтық реттеу нысанын негіздеу мен әдістерін таңдауға, әртүрлі құқықтық

ONTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SKMA -1979- MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Гигиена және эпидемиология кафедрасы		044 -59/11()
Дәріс кешені		24 беттің 7беті

актілердің арақатынасы мен өзара іс-қимылын белгілеуге, азаматтардың денсаулығын сақтау саласындағы заңдық жауапкершілік мәселелерін шешуге қатысты.

Профилактикалық, санитарлық және фармацевтикалық қызметтердегі ақылы емдеу, денсаулық сақтаудағы жаңа шаруашылық тетігін құруға сөзсіз әкеледі. Ол экономикалық және заңдылыққа негізделген медициналық қызметтер мен процедуралардың құнын, тараптар арасындағы шарттық қатынастарды, теріс нәтиже үшін, сондай-ақ дұрыс емес емдеу арқылы сақтандырылған пациенттердің денсаулығына келтірілген зиян үшін заңды жауапкершілікті есептеу. Сақтандыру медицинасы жағдайында жауапкершілік емдеу-алдын алу мекемелері мен медицина қызметкерлеріне, әсіресе пациенттің денсаулығына олардың қызметі нәтижесінде зиян келтірілген жағдайларда жүктеледі. Емдеудің қолайсыз нәтижесіне байланысты сараптама комиссияларының қылмыстық істер материалдарын зерделеуі олардың 27,9% – да дәрігерлік қателіктерден, 8,5%-да медициналық қызмет үшін тиісті жағдайлардың жоқтығынан және 7,4% - да емдеу-алдын алу мекемелері қызметкерлерінің теріс пиғылынан болғанын көрсетті. ҚР Конституциясының 29-бабына сәйкес адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары заңдардың мәнін, мазмұнын және қолданылуын, заң шығарушы және атқарушы биліктің, жергілікті өзін-өзі басқарудың қызметін айқындайды және сот төрелігімен қамтамасыз етіледі.

ҚР Конституциясы мен басқа да құқықтық актілерде азаматтардың өмір сүру құқығы, денсаулығы мен оны қорғау құқығы, жеке өміріне қол сұқпау, жеке басының құпиясына құқығы бар делінген. Денсаулықты сақтау және жақсарту адамның ең бірінші өмірлік қажеттілігі болып табылатындықтан, онда оның барлық тыйым салынбаған тәсілдермен қанағаттандыру ең алдымен азаматтардың жеке өмірі саласына жатады. Сондай-ақ, аурулардың алдын алуда, адамдарға дәрменсіз күйде және жекелеген жағдайларда медициналық көмек көрсетуде қоғамдық денсаулықты қамтамасыз етуде көпшілік мүддесі ескерілуі тиіс.

Мұндай қатынастар азаматтардың келісім беру және медициналық араласудан бас тарту, емдеуші дәрігерді таңдау, емдеу тәсілін таңдауға қатысу құқығындағы жеке-құқықтық реттеу элементтерін қамтиды. Азаматтың құқықтары мен бостандықтары конституциялық құрылыс негіздерін, имандылықты, денсаулықты, басқа адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, елдің қорғанысы мен мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында қажетті шамада ҚР Заңдарымен шектелуі мүмкін. Бұл норманы іске асыру мәжбүрлеп емдеуге, мысалы, "ҚР-да адамның иммундық тапшылық вирусы (АИТВ-инфекциясы) тудыратын аурудың таралуының алдын алу туралы" Заңда, "Психиатриялық көмек және оны көрсеткен кезде азаматтардың құқықтарына кепілдік беру туралы" Заңда көзделген шараларды айтуға болады. Бұл медициналық қатынастардың барлығы мемлекеттік (әкімшілік) құқық саласына жатады. Олардың қатысушылары уәкілетті органдар мен мекемелер, оларға азаматтарға заңмен ұйғарылған іс-шараларды орындау міндеті жүктеледі және арнаулы кепілдіктер мен бостандықтар беріледі.

Медициналық қатынастарды құқықтық реттеуде үш тәсіл қалыптасқан: әкімшілік-құқықтық, азаматтық-құқықтық және аралас – әлеуметтік-құқықтық әдістер.

Қазіргі уақытта денсаулық сақтау саласындағы құқықтық реттеудің әкімшілік-құқықтық әдісі аса маңызды рөл атқаруда, өйткені мұнда көптеген қатынастар әкімшілік актілермен регламенттеледі: ережелер, нұсқаулықтар және т.б. Мұндай актілер медициналық қызметкерлердің қызметтік құқықтары мен міндеттерін, емдеу, санитарлық-профилактикалық іс-шаралардың «технологиясын», денсаулықты сақтау саласындағы құқық бұзушылықтарды анықтайды.

4. Иллюстрациялық материал: слайдтар

5. Әдебиет: 1-қосымшаға қараңыз.

6. Бақылау сұрақтары (Feedback кері байланысы):

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
Гигиена және эпидемиология кафедрасы	044 -59/11() 24 беттің 8беті
Дәріс кешені	

1. Медициналық құқық нені зерттейді?
2. Медициналық құқықтың қандай тәсілдерін білесіз?
3. Медицинада құқықтық реттеуді жетілдірудің жолдарын атаңыздар.

№5 дәріс

1.Тақырыбы: Заманауи ЕПМ дәрігер-эпидемиологтың ролі.

2.Мақсаты: білім алушыларды заманауи ЕПМ дәрігер-эпидемиологтың жұмысымен таныстыру.

3. Дәріс тезистері:

Эпидемиология – жұқпалы аурулардың пайда болуын, таралуын зерттейтін, алдын алу және олармен күрес шараларын ұсынатын ғылым. Эпидемиология екі бөлімінен тұрады:

1) жалпы эпидемиология – жұқпалы аурулардың заңдылықтары мен олармен күресу, жою және олардың алдын алудағы теорияның, әдістемелік және ұйымдастыру негіздері туралы білімнің жиынтығын қамтиды;

2) жеке эпидемиология – белгілі бір жұқпалы ауруға тән ерекшеліктерді жан-жақты зерттейді. Эпидемиология микробиология, гигиена, паразитология, иммунология, жұқпалы аурулар клиникасы, т.б. жаратылыстану ғылымдарымен тығыз байланысты. Жұқпалы ауруларға күрес шаралары тәжірибелерінің қорытындысы ретінде эпидемиология көне заманнан бері белгілі. Мыс., б.з.б. 1000 ж. Қытайда шешек ауруларына қарсы егу әдісі қолданылған, Үндістанда індетке қарсы санитарлық заң болған. Қазақ жерінде ғұлама ғалым, емші Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы шешек ауруларына қарсы вакцина егуді осыдан 500 жыл бұрын пайдаланған. Ал Шығыс Азия елдерінде алапес ауруларының жұқпалы екенін біліп, ондай науқастарды оқшаулап, арнайы “алапес үйіне” қамаған. Ертедегі Римде өлікті қала ішіне жерлеуге рұқсат етілмеген. Жұқпалы ауруларды тірі қоздырғыштар тудыратыны туралы алғаш рет Гиппократтың еңбектерінде айтылған. 19 ғ-дың 2-жартысында микробиологияда ашылған жаңалықтарға байланысты белгілі ғалымдар Л.Пастер, Р.Кох, И.И. Мечников, Д.И. Ивановский, Н.А. Семашко, А.Н. Сысин, К.И. Скрябин, Д.К. Заболотныйдың, т.б. еңбектерінің нәтижесінде көптеген індеттердің микробтары табылды. Қазақстанда 1925 ж. Қызылорда бактериологиялық зертхана ашылды. 1940 ж. осы зертхананың негізінде Алматы қаласында Эпидемиология және микробиология ҒЗИ (қазіргі Гигиена және эпидемиология ғылыми-зерттеу орталығы) ашылды. Эпидемиология мәселелерімен Қазақ карантиндік және зооноздық инфекциялар ғылыми орталығы, республикадағы медициналық ЖОО мен академиялардың кафедралары сан.-эпид. қызметкерлері шұғылданады. Эпидемиология саласында көрнекті ғалымдар Х.Ж. Жұматов, И.Қарағұлов, Н.Д. Беклемишов, М.А. Айқымбаев, І.А. Макиров, Н.И. Киреев, Е.Х. Шұратов, Н.Ж. Жайықбаев, т.б. көп еңбек сіңірді. С. Әміреев, І. Құдайбергенұлы.

Эпидемиологиялық бақылау қызметінің мақсаты профилактикалық/эпидемияға қарсы іс-шараларды жүргізу, пациенттер мен қызметкерлердің болуының қауіпсіз жағдайларын жасау, микробиологиялық мониторингті ұйымдастыру болып табылады.

ЕПМ эпидемиологы ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес медициналық мекеменің бас дәрігерінің бұйрығымен қызметке тағайындалады және босатылады. Стационар эпидемиологы денсаулық сақтау объектісінің басшысына немесе оның орынбасарына тікелей бағынады.

Лауазымдық міндеттері

Жұқпалы аурулардың алдын алу бойынша іс-шаралар жоспарына сәйкес өз жұмысын жүргізеді. Ауруханашілік инфекцияларды анықтау мен есепке алуды бақылауды ұйымдастырады. Аурухананың барлық функционалдық бөлімшелерінен жұқпалы аурулар, санитарлық-эпидемиологиялық режимнің бұзылуы, санитарлық-бактериологиялық зерттеулердің нәтижелері, иммунобиологиялық препараттарды енгізуге әдеттен тыс реакциялар туралы күнделікті ақпаратты алады, олардың пайда болу себептерін зерттейді және басшыларды хабардар етеді.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Гигиена және эпидемиология кафедрасы		044 -59/11() 24 беттің 9беті
Дәріс кешені		

Мүдделі мамандармен бірлесе отырып, жұқпалы аурулар анықталған жағдайда эпидемияға қарсы шаралар кешенін әзірлейді және жүзеге асырады, стационарда профилактикалық іс-шаралар жүргізеді, барлық бөлімшелерде эпидемияға қарсы және санитарлық-гигиеналық тәртіпті қамтамасыз етеді. Стационарлық науқастың медициналық құжаттарын, жұқпалы аурулар тізілімін, санитарлық-бактериологиялық зерттеулер мәліметтерін, мәйітті тексеру материалдарын, дәріхана есептерін, санитарлық-эпидемияға қарсы тәртіптің жай-күйі туралы мәліметтерді зерделеу негізінде жедел және ретроспективті эпидемиологиялық талдауды жүзеге асырады. Эпидемиологиялық талдау деректері негізінде белгілі бір нозологиялық формалардағы эпидемиялық үдерістің ерекшеліктерін ашып, олардың алдын алудың нақты шараларын белгілейді. Жұқпалы аурулар бойынша қолданыстағы бұйрықтардың орындалуын және дезинфекциялық тәртіптің сақталуын ұйымдастырады. Ауруханаішілік инфекциялардың алдын алу жөніндегі комиссияның жүйелі жұмысын ұйымдастырады және қамтамасыз етеді, санитарлық-эпидемиологиялық мәселелер бойынша құжаттарды (бұйрықтар, дәрігерлік кеңестің шешімдері, ақпараттық бюллетеньдер) дайындайды. Тиісті бөлімшелердің мамандарымен ауруханаішілік инфекцияның (ААИ) әрбір жағдайына талдау жүргізеді. Мамандармен (бактериологтар және клиникалар) бірлесіп, осы ауруханада антибиотиктерді қолданудың оңтайлы схемаларын анықтайды. Медициналық құралдарды өңдеу мен зарарсыздандыруға, бір рет қолданылатын шприцтерді, жүйелерді және иммунобиологиялық препараттарды пайдалану мен жоюға, сондай-ақ оларды жеткізу және сақтау шарттарына тұрақты бақылауды жүзеге асырады. Дезинфекциялық құралдарға, диагностикалық орталарға, реагенттерге, сондай-ақ емдік және профилактикалық бактериялық препараттарға өтінімді үйлестіреді. Ауруханаішілік инфекциялардың және басқа да жұқпалы аурулардың профилактикасы бойынша медициналық персоналдың (дәрігерлер, медбикелер, кіші қызметкерлер) оқуын ұйымдастырады. Аурухана бөлімшелерін жобалау және қайта құру бойынша тапсырмаларды дайындауда консультациялық көмек көрсетеді. Мекеме басшылығының бұйрықтарын, өкімдері мен нұсқауларын, сондай-ақ нормативтік құқықтық актілерді өз тәртібінде білікті және уақытылы орындайды. Ішкі тәртіп ережелерін, өрт қауіпсіздігі және қауіпсіздік техникасын, санитарлық-эпидемиологиялық тәртіпті сақтайды. Денсаулық сақтау мекемесінің, оның қызметкерлерінің, емделушілер мен келушілердің қызметіне қауіп төндіретін қауіпсіздік, өрт және санитарлық ережелерді бұзуды жою үшін басшылықты уақтылы хабардар етуді қоса алғанда, жедел шаралар қабылдайды. Жүйелі түрде біліктілігін арттырып отырады.

Эпидемиологтың құқығы бар:

1. Мекеме басшылығына диагностикалық және емдеу үдерісін жетілдіру, әкімшілік-шаруашылық және параклиникалық қызметтердің жұмысын жақсарту, олардың жұмысын ұйымдастыру мәселелері мен жағдайлары бойынша ұсыныстар енгізуге;
2. Қарамағындағы қызметкерлердің жұмысын бақылауға, оларға қызметтік міндеттері шеңберінде бұйрықтар беруге және олардың нақты орындалуын талап етуге, оларды көтермелеу немесе жаза қолдану жөнінде мекеме басшылығына ұсыныстар енгізуге;
3. Өз міндеттерін орындау үшін қажетті ақпараттық материалдар мен құқықтық құжаттарды сұратуға, алуға және пайдалануға;
4. Өз жұмысына қатысты мәселелерді талқылайтын ғылыми-тәжірибелік конференциялар мен кеңестерге қатысуға;
5. Тиісті біліктілік санатын алу құқығымен белгіленген тәртіппен аттестациядан өтуге;
6. Кемінде 5 жылда бір рет біліктілігін арттыру курстарында біліктілігін арттыру.

Эпидемиолог мыналарға жауапты:

1. Өзіне жүктелген міндеттерді уақтылы және сапалы орындау;

ONTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Гигиена және эпидемиология кафедрасы		044 -59/11()
Дәріс кешені		24 беттің 10беті

- Өз жұмысын ұйымдастыру, басшылықтың өкімдерін, нұсқаулары мен тапсырмаларын, өз қызметі бойынша нормативтік құқықтық актілерді уақтылы және сапалы орындау;
- Ішкі тәртіп ережелерін, өрт қауіпсіздігі және қауіпсіздік техникасын сақтау;
- Қолданыстағы заңнамалық құжаттарда көзделген медициналық және басқа да қызметтік құжаттаманы уақтылы және сапалы ресімдеу;
- Өз қызметі туралы статистикалық және өзге де ақпаратты белгіленген тәртіппен ұсыну;
- Бағынысты қызметкерлердің атқарушылық тәртіпті сақтауын және өз міндеттерін орындауын қамтамасыз ету;
- Денсаулық сақтау мекемесінің, оның қызметкерлерінің, емделушілер мен келушілердің қызметіне қауіп төндіретін қауіпсіздік, өрт және санитарлық ережелерді бұзуды жою бойынша басшылықты уақтылы хабардар етуді қоса алғанда, жедел әрекет ету.

Еңбек тәртібін, заңнамалық және нормативтік актілерді бұзғаны үшін эпидемиолог дәрігер құқық бұзушылықтың ауырлығына қарай қолданыстағы заңнамаға сәйкес тәртіптік, материалдық, әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

4. Иллюстрациялық материал: презентация

5. Әдебиет: №1-қосымшаға қараңыз.

6. Бақылау сұрақтары (Feedback кері байланысы):

- Эпидемиология нені зерттейді?
- Эпидемиологиялық бақылау қызметінің мақсаты неде?
- ЕПМ дәрігер-эпидемиологтың лауазымдық міндеттеріне не жатады?
- ЕПМ дәрігер- эпидемиологтың құқығын атаңыз.

№6 дәріс

1.Тақырыбы: Мемлекеттік қызметкер – мемлекеттің айнасы.

2. Мақсаты: білім алушыларды мемлекеттік қызметкерге қойылатын талаптармен таныстыру.

3. Дәріс тезистері: Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы ҚР Заңы 2015 жылғы 23 қарашадағы № 416-V ҚРЗ.

Мемлекеттік қызметкерлердің негізгі құқықтары мен міндеттері

Мемлекеттік қызметкер:

- өз өкілеттігінің шегінде мәселелерді карауға қатысуға және ол мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға;
- қызметтік міндеттерін атқару үшін керекті ақпараттар мен материалдар алуға;
- мемлекеттік қызметіне катысты материалдармен кедергісіз танысуға;
- біліктілігі мен іскерлігін, өзінің қызметтік міндеттерін адал атқаратындығын ескере отырып, қызмет бабында жоғарылауға;
- орынсыз жала жабылған кезде қызметтік тексеру жүргізуді талап етуге;
- еңбек, денсаулық, еңбектің қауіпсіздік шарттарын сақтауға; әлеуметтік және құқықтық жағынан қорғалуға;
- мемлекеттік қызметтен өз еркімен кетуіне;
- зейнеттік және әлеуметтік жағынан қамтамасыз етілуге;
- жоғары тұрған мемлекеттік органдар мен лауазым иелеріне мемлекеттік қызметті жетілдіру жөнінде ұсыныстар түсіруге құқықты.

Мемлекеттік қызметкерлер мыналарды орындауға:

- Республика Конституциясы мен заңнамасын сақтауға;

